

## Үлгі сақтандыру талаптары

«Сентрас Иншуранс» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандырушы) осы Үлгі сақтандыру талаптарымен (бұдан әрі – Талаптар) Сақтандырушы біржақты тәртіпте әзірлеген осы Талаптарға Сақтанушыны қосу, және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін (бұдан әрі – Сақтандыру полисі) ресімдеуі арқылы Сақтанушыға сақтандыру шартын жасасуды ұсынады.

Сақтанушы сақтандыру сыйақысын төледі, ал Сақтандырушы сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және мерзімде Пайда алушыға сақтандыру сомасының (Сақтандырушының жауапкершілік лимиті) шегінде сақтандыру төлемін төледі мойнына алады. Талаптар «Сентрас Иншуранс» СК» АҚ-ның автомобиль көлігін ерікті сақтандыру ережелері негізінде әзірленген.

### 1-БӨЛІМ. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҰҒЫМДАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

**Лаңкестік акті** - қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты қорқыту, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның қабылдаған шешімдеріне ықпал ету, соғысқа арандату немесе халықаралық қарым-қатынастарды шиеленістіру мақсатында жасалған, адамдардың қаза болу қаупін, мүлктік залал немесе қоғам үшін қауіпті өзге салдардың пайда болу қаупін туғызатын жарылыс, қасақана өртеу немесе өзге әрекеттерді орындау.

**Амортизация (тозу)** – КҚ-ның пайдаланылуы салдарынан табиғи немесе сапалық тозуы нәтижесінде, сондай-ақ технологиялық ресурсының түгесілуі нәтижесінде бастапқы құнының төмендеуі. КҚ-ның құнына пайыздық арақатынасы арқылы есептелінеді.

**Жарылыс** – өртенумен, ұшқындаумен, сынық (жарқыншақтардың) жан-жаққа ұшуымен, газ немесе будың бөлінуімен ілесетін соққы толқынға немесе қысымның ауытқуына әкелетін заттектің физикалық-химиялық күйінің лезде өзгеруімен байланысты энергияның қысқа уақыт аралығында бөліну процесі.

**Пайда алушы** - сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.

**Объектінің шынайы құны** - сақтандырылған КҚ-ның маркасымен бірдей маркалы КҚ-ның (қосымша жабдықтың), оның моральдік және физикалық тозуын, немесе осындай КҚ-ның (мүліктің) сол төңіректегі нарықтық құнын, немесе сақтандыру шарты жасалған сәттегі оның нарықтық құнын ескере отырып, немесе құзыретті ұйыммен берілген анықтама-шот, сату-сатып алу шарты немесе сарапшының (бағалаушының) бағалауы негізінде белгіленген құны.

**Қосымша жабдық** – КҚ-на тұрақты бекітілетін (яғни монтажды талап ететін), бірақ зауыттық жинақтамаға кірмейтін жабдық пен керек-жарақтар (теле-, радио- және дыбыс шығаратын аппаратура, салондардың жабдығы, жарық, сигналдық құрылғылар, спойлерлер, антикрыло, табалдырық және крыло қаптамасы, жетекке алу құрылғылары және КҚ-на қосымша орнатылған өзге жабдық).

**Жол-көлік оқиғасы (ЖКО)** – КҚ-ның жол бойымен қозғалуы барысында пайда болған немесе оның қатысуымен адам денсаулығына зиян келтірген немесе адам өліміне, КҚ-ның құрылыстардың, жүктердің зақымдануына әкелген не болмаса кез келген өзге материалдық шығын келтірген оқиға.

**Табиғи тозу** – пайдалану барысында ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен алынған және КҚ-ның жалпы, сондай-ақ оның жекелеген элементтерінің (тораптары, бөлшектері) күйін сипаттайтын физикалық ескіруі.

**Сақтандырылушы** – заң, өзге құқықтық акт немесе шарт негізінде сақтандырылған КҚ-ның сақталуына мүдделі, өзіне қатысты сақтандыру шарты жасалатын, әрекет етуге қабілетті жеке тұлға.

**Күтпеген өзге оқиғалар** – өрт, жарылыс, тас тиюден КҚ-ның әйнегі мен опциясының зақымдануы, су құбырының, кәріз жүйесінің, жылыту және өртке қарсы желінің апаты нәтижесінде сумен зақымдану, топырақтың шөгуді салдарынан жол төсемінің астына түсіп кету, КҚ-на сырттан түскен заттардың, соның ішінде жабын темірлердің, төбеден, ағаштан, бағанадан қар немесе мұздың құлауы, жылжитын немесе жылжымайтын заттарды (құрылыстар, кедергілер, құстар, жануарлар) басып кету (соғу).

**Түнгі уақыт** – жергілікті уақыт бойынша кешкі 22:00-ден таңертеңгі 06:00-ге дейінгі аралық.

**Жеңіл автомобиль көлік құралы (КК)** – жолаушыларды тасымалдау үшін қолданылатын және жүргізушінің орнын есептемегенде, отыратын орын саны сегізден аспайтын В санатындағы көлік құралдары (санат КҚ-ын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте көрсетіледі).

**Опциялар** – сақтандыру шартында қолданылатын сақтандыру талаптары (Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) көзделген «Ерекше талаптар» тармағында көрсетіледі). Осы Талаптардың аясында қолданылатын опциялардың тізімі:

1) «Әкімшілік полицияны шақырту міндетті»;

Осы опциямен сақтандыру шартын жасаған кезде, Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру оқиғасының белгілері бар оқиға орын алған жағдайда, оқиға орнына әкімшілік полицияның қызметкерлерін шақыруға міндетті.

2) «Әкімшілік полицияны шақыртпай»;

Осы опциямен сақтандыру шартын жасаған кезде, Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру оқиғасының белгілері бар оқиға Қазақстан Республикасының аумағында орын алған жағдайда, Сақтандырушыға әкімшілік полицияның құжаттарын көрсетпеуге құқылы.

- 3) «300 000 теңгеге дейін Әкімшілік полицияны шақыртпай»;  
Осы опциямен сақтандыру шартын жасаған кезде, Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру оқиғасының белгілері бар оқиға орын алған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында орын алған сақтандыру оқиғасының нәтижесінде келтірілген залал көлемі 300 000 (үш жүз мың) теңгеден аспаған жағдайда, Сақтандырушыға әкімшілік полицияның құжаттарын көрсетпеуге құқылы.
- 4) «Көлік құралының амортизациялық тозуын ескере отырып»;  
Бұл опция пайдалану мерзімі 20 (жиырма) жылға дейінгі КҚ-на қатысты сақтандыру шартын жасауға мүмкіндік береді. Осы опциямен сақтандыру шартын жасаған кезде, сақтандыру оқиғасы орын алғанда төленетін сақтандыру төлемінің көлемі сақтандыру оқиғасы орын алған күнге қарай болған амортизацияны (тозу) шегере отырып есептеледі.
- 5) «Амортизациялық тозуды ескермей, Сақтандырушының калькуляциясы бойынша»;  
Бұл опция пайдалану мерзімі 7 (жеті) жылға дейінгі КҚ-на қатысты сақтандыру шартын жасауға мүмкіндік береді. Осы опциямен сақтандыру шартын жасаған кезде, сақтандыру оқиғасы орын алғанда төленетін сақтандыру төлемінің көлемі амортизацияны (тозуды) ескерместен есептеледі.
- 6) «Амортизациялық тозуды ескермей, мамандандырылған ТҚС-ның шоты бойынша»;  
Бұл опция пайдалану мерзімі 7 (жеті) жылға дейінгі КҚ-на қатысты сақтандыру шартын жасауға мүмкіндік береді. Осы опциямен сақтандыру шартын жасаған кезде, сақтандыру оқиғасы орын алғанда төленетін сақтандыру төлемінің көлемі амортизацияны (тозуды) ескерместен, мамандандырылған ТҚС-ның (техникалық қызмет көрсету станциясының) шоты бойынша есептеледі.
- 7) «Сақтандырылған жүріс»  
Бұл опция тек жеке тұлға Сақтанушылар үшін ғана қолданылады және КҚ-на қатысты тек белгілі километражға сақтандыру шартын жасауға мүмкіндік береді, ол аяқталған бойда сақтандыру қорғанысының күші жойылады.  
«Сақтандырылған жүріс» опциясы бойынша километраж нұсқалары (сақтандыру шартында сақтандырылған жүрістің тек көрсетілген нұсқаларының бірі ғана көзделуі мүмкін):
- а) 5 000 (бес мың) километр;
  - б) 10 000 (он мың) километр;
  - в) 15 000 (он бес мың) километр;
- «Сақтандырылған жүріс» опциясына қолданылатын ерекше шарттар:
- а) сақтандыру қорғанысының күші Сақтандырушының уәкілетті өкілі өткізген Тексеру актісінде жазылған сақтандырылған КҚ жүрісінің алғашқы 5 (бес) километр «Сақтандырылған жүрісіне» таралмайды;
  - б) «Сақтандырылған жүріс» опциясымен сақтандыру шартын жасаған кезде, сақтандыру оқиғасы ұғымына келетін оқиға сақтандыру оқиғасы болып танылады, бұл жағдайда оқиға сақтандырылған КҚ-мен «Сақтандырылған жүріс» кезеңінде орын алуы шарт;
  - в) «Сақтандырылған жүріс» опциясы қолданылатын кезеңде сақтандыру оқиғалары болмаған жағдайда, бұл опция бойынша километраж аяқталған кезде, Сақтанушыға тегін бонус ретінде - 1 000 (бір мың) километр беріледі. Тегін бонус «Сақтандырылған жүріс» опциясы бар сақтандыру шарттарына таралады және сақтандыру шартының қолдану мерзімі аяқталмаған жағдайда қолданылады ;
  - г) белгіленген километраждың аяқталуы себебінен сақтандыру шарты бұзылған жағдайда, төленген сақтандыру сыйақысы қайтарылмайды;
  - д) «Сақтандырылған жүріс» опциясы бойынша бастапқыда белгіленген километраж аяқталған кезде, қосымша километраж алу үшін, Сақтанушы сақтандыру шартын сақтандыру сыйақысы қайтарылмайтындей етіп бұзып, сақтандыру сыйақысын төлей отырып жаңа сақтандыру шартын жасайды.
- Өрт** – от жағу үшін арнайы тағайындалған жерлерден өзге жерде пайда болған немесе бұл жерлерден тыс шығып кеткен, өзі-өзінен жайыла алатын және материалдық залал келтіретін бақылаусыз жану.
- Үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері** – бұзақылық КҚ-ның жекелеген бөліктерін (бөлшектерін) ұрлау, оларды жою немесе зақымдау, соның ішінде оңай шешілетін бөлшектерді ұрлау (артқы жақты көрсететін сыртқы әйнектер; сыртқы доңғалақ/қосалқы доңғалақ; белгілер/эмблемалар, әйнек тазартқыштар, антенналар).
- Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасаған тұлға. Сақтанушы Сақтандырушыға жазбаша өтініш жазып, сақтандыру шартын жасаған кезде, Сақтанушы ретінде әрекет етуге қабілетті жеке тұлға немесе заңды тұлға бола алады. Сақтандыру шарты электронды түрде жасалған жағдайда, Сақтанушы ретінде тек қана әрекет етуге қабілетті жеке тұлға бола алады.
- Дүлей апаттар** – салдары Сақтанушыға меншік құқығымен тиісті мүліктің зақымдануына және (немесе) жойылуына әкеп соққан кенет, қарсы тұруға болмайтын табиғи ауыртпалық көрінісі (дауыл, боран, жер сілкіну, көшкін, нөсер, су тасқыны, опырылу, жылжыма, тасыма су, топырақтың шөгуі, сел, құйын, найзағай соғуы, дүлей дауыл).
- Сақтандыру оқиғасы** – пайда болған сәтінен бастап сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі көзделетін оқиға.
- Айдап әкету, ұрлау** (ұрлық, тонау, қарақшылық шабуылды қоса алғанда) – Сақтанушының (Пайда алушының) КҚ-ын ұрлау (айдап әкету) мақсатынсыз немесе ұрлау мақсатымен заңсыз иеленумен тудырылған мүліктік шығындарының тәуекелі.

**Сақтандыру территориясы** – сақтандыру қорғанысының күші таралатын, сақтандыру шартында көрсетілген аумақ. Осы шартқа сәйкес сақтандыру аумағы Сақтанушы таңдаған сақтандыру талаптарына байланысты белгіленеді (Қазақстан Республикасы немесе Қазақстан Республикасы және ТМД елдері).

**Франшиза** – Сақтанушының белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босатылуын көздейтін сақтандыру шартының талабы. Сақтандыру сомасының пайызы ретінде немесе абсолютті мөлшерде белгіленеді. Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жадайларда белгіленген франшизаны шегере отырып өтеледі.

## **2-БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ**

2.1. Сақтандыру объектісі ретінде Сақтандырылушының КҚ-на иелік етуімен, оны пайдаланумен, басқарумен, сондай-ақ сақтандыру оқиғаларының нәтижесінде жоғалтылу (жойылу) немесе зақымдану қауіпімен байланысты, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін мүліктік мүдделері болып табылады.

## **3- БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ОҚИҒАСЫ**

3.1. Сақтандыру барысында осы Талаптарға сәйкес сақтандыру оқиғасы болып төмендегі оқиғалардың (кез келген үйлесімде) орын алуы нәтижесінде сақтандырылған КҚ-ның жоғалтылуы (жойылуы) немесе зақымдануы есептеледі:

- 1) жол-көлік оқиғасы (бұдан әрі – ЖКО);
- 2) айдап әкету, ұрлау;
- 3) сұрапыл апат;
- 4) үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері;
- 5) күтпеген өзге оқиғалар.

3.2. Оқиғалар (тәуекелдер) тізімі Сақтанушы таңдаған «Тәуекелдер жинағына» байланысты белгіленеді және Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) көрсетіледі, бұл ретте «ЖКО» тәуекелі міндетті тәуекел болып табылады.

3.3. «Тәуекелдер жинағы» нұсқалары келесі оқиғаларды (тәуекелдерді) қамтиды:

3.3.1. № 1 Тәуекелдер жинағы

- 1) ЖКО.

3.3.2. № 2 Тәуекелдер жинағы

- 1) ЖКО;
- 2) айдап әкету, ұрлау.

3.3.3. № 3 Тәуекелдер жинағы

- 1) ЖКО
- 2) сұрапыл апат
- 3) үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері
- 4) күтпеген өзге оқиғалар.

3.3.4. № 4 Тәуекелдер жинағы

- 1) ЖКО;
- 2) сұрапыл апат;
- 3) үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері;
- 4) күтпеген өзге оқиғалар;
- 5) айдап әкету, ұрлау.

## **4- БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ОҚИҒАСЫНАН ШЕГІНІСТЕР**

4.1. Осы шарттарға сәйкес төмендегі санаттарға жататын заңды және жеке тұлғаларға қатысты сақтандыру жүзеге асырылмайды:

- 1) негізгі қызмет түрі жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыру болып табылады (авто-таксопарктер, лицензияланған тасымалдар және т.б.);
- 2) қызметінің негізгі түрі жүк тасымалдарын (жүк КҚ парктері) немесе табыс алу мақсатында КҚ пайдаланатын кез келген басқа қызметті жүзеге асыру болып табылады.

4.2. Сақтандыру КҚ-на қолданылмайды (оның қосымша жабдығы):

- 1) сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) көрсетілмеген;
- 2) келесі санаттарға түсетіндер:
  - а) пайдалану мерзімі 20 (жиырма) жылдан астам;
  - б) белгіленген мерзімде міндетті техникалық байқаудан өтпегендер;
  - в) шанақ немесе қозғалтқыш нөмірі жоқ не олар тіркеу құжаттарына сәйкес келмейтіндер;
  - г) Қазақстан Республикасына кіру кезінде кедендік ресімдеу, мемлекеттік бажды және кәдеге жарату алымын төлеу рәсімінен өтпегендер;
  - д) транзиттік нөмірлері бар және Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кіретіндер;
  - е) апаттық не ақаулы күйдегі, сондай-ақ шанақтың және лак-бояу жабынының едәуір коррозиялық немесе механикалық зақымданулары бар, оның ішінде дайындаушының немесе сатушының (КҚ қарау актісіне сәйкес, Сақтандырушының уәкілетті өкілі) кепілді міндеттері есебінен қалпына келтіруге жататындар;

«Елеулі жемірілу» деп металдың түсуіне байланысты толассыз жемірілу немесе дәнекерленген қосылыстардың жемірілуі түсініледі.

«Едәуір механикалық зақымданулар» деп КҚ пайдалануға жарамсыз болатын механикалық зақымданулар түсініледі.

ж) үйрену үшін жүру мақсатында бітімгершілік миссияларында, кез келген жарыстарда немесе сынақтарда немесе сынама жүрістерде пайдаланылатындар.

4.3. Төмендегілер нәтижесінде КҚ келтірілген залал сақтандыру жағдайына жатпайды:

1) әртүрлі әскери іс-қимылдар немесе әскери іс-шаралар мен олардың салдарларын, зымырандармен, снарядтармен, бомбалармен, басқа да құралдармен, соғыс және жауынгерлік операцияларды жүргізу құралдарымен КҚ-ның зақымдануы немесе жойылуы, сондай-ақ азаматтық соғыс, халықтық толқулар, көтерілістер, бүліктер, жаппай тәртіпсіздіктер мен ереуілдер салдарынан;

2) ядролық реакция, ядролық сәуле немесе радиоактивті ластану;

3) әскери, азаматтық билік орындарының немесе мемлекеттік органдардың өкімі бойынша КҚ алып қою, тәркілеу, реквизициялау, мемлекет меншігіне алу, тұтқындау, жою немесе зақымдау;

4) қандай да бір ұйымның атынан немесе мүддесінде әрекет ететін және КҚ-ның бұзылуына немесе бүлінуіне әкеп соққан адам немесе адамдар тобы жасаған терроризм актілері;

5) дыбыстық немесе дыбыстан асқан жылдамдықта қозғалатын әуе кемелерінен соққы толқынының КҚ-ға әсер етуі;

6) алкогольден, есірткіден немесе уытқұмарлықтан мас күйінде, сондай-ақ дәрілік заттардың әсерінде болған адамның көлік құралын басқаруы;

7) қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтандырушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

8) сақтандырылған КҚ бөлшектерінің, тораптары мен агрегаттарының сынуы, бұзылуы, істен шығуы (ЖКО-нан басқа), оның ішінде агрегаттардың ішкі қуысына бөгде заттектердің, заттардың, жануарлардың, құстардың, жаңбырлы және еріген судың (су соққысы және т. б.) түсуі салдарынан;

9) сақтандырылған КҚ тораптарының, агрегаттары мен бөлшектерінің қайта зақымдануы туралы Сақтандырушыға бұрын мәлімделген және сақтандыру өтемін төлеу жүргізілмеген, егер мұндай зақымданулар жойылған, ал қалпына келтірілген КҚ Сақтандырушыға қарау үшін ұсынылған жағдайларды қоспағанда;

10) пайдалану салдарынан КҚ және қосымша жабдықтың, сондай-ақ оның жекелеген бөлшектері мен тораптарының табиғи тозуы;

11) сақтандырылған КҚ тасымалдау құралына тиеу, тасымалдау немесе түсіру (оның ішінде сақтандырылған КҚ-ның тасымалдау құралынан құлауы);

12) өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу, өрт қауіпті және жарылыс қауіпті заттар мен заттарды тасымалдау және сақтау;

13) сақтандырылған КҚ-ның сақтандырылған КҚ-ны тасымалдауға және (немесе) сүйретуге қатысатын басқа КҚ-мен өзара әрекеттестігі (оның ішінде арқанның үзілуі немесе қатты ілініс нәтижесінде);

14) сақтандырылған КҚ жүргізуге оқыту мақсатында немесе жаттығу өтпелеріне байланысты іс-шараларға, сынақтарға немесе сынамалы жүрістерге, экстремалды өтуге байланысты іс-шараларға қатысу үшін, сондай-ақ кез келген спорттық жарыстарға қатысу үшін пайдалану;

15) КҚ тіркеу белгілерін ұрлау, жоғалту немесе бүлдіру;

16) КҚ бөліктерін ұрлау, егер олар оқиға кезінде сақтандырылған КҚ-нан бөлек болған жағдайда;

17) КҚ-ның қосалқы дөңгелектерін ұрлау, егер олар дайындаушы зауыттың бекітпесінен басқа, оларды ұрлауға кедергі келтіретін құралдармен жабдықталмаған болса;

18) үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері нәтижесінде дөңгелектердің зақымдануын қоспағанда, КҚ басқа элементтерімен келтірілген залалға байланысты емес дөңгелектердің (шиналардың, дөңгелек дискілерінің) зақымдануы. Кез келген жағдайда, егер КҚ пайдалануға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шиналардың қанағаттанғысыз жай-күйінің салдарынан тыйым салынған болса, КҚ шиналарының зақымдануына байланысты залал өтелмейді;

19) КҚ орнатылған қосымша жабдықтың: дайындаушы зауыттың немесе оның ресми дилерінің жиынтығына кірмейтін (егер ол сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) көрсетілмесе) механизмдердің, қондырғылардың, тетіктердің, аспаптардың, КҚ, үлдір броньдағы жапсырмалардың, өзге де жабдықтар мен керек-жарақтардың, автомобиль теле -, аудио -, бейне -, радиоаппаратураларының, салон (шанақ) жабдығының, жарық, сигналдық және басқа жабдықтардың, жинақтағы доңғалақтардың зақымдануы немесе жоғалуы (жойылуы);

20) сақтандыру жағдайы кезінде немесе тікелей кейін КҚ-ның бөліктерін ұрлау немесе талан-таражға салу;

21) тенттің зақымдануы немесе ұрлануы (жеңіл автомобильдердің жүк модификациялары);

22) Сақтанушыға жалға беруге, жалға алуға, лизингке берілген сақтандырылған КҚ-ның қайтарылмауы;

23) КҚ қозғалтқышын жылыту үшін ашық от көздерін пайдалану;

24) Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) сақтандыру жағдайы ретінде көрсетілген оқиғалардың бірі туындамаса, электр сымдарының тұйықталуы;

25) сақтандыру жағдайы ретінде Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) көрсетілмеген оқиғалар.

4.4. Осы талаптарға сәйкес төмендегілер салдарынан келтірілген залал өтелмейді:

- 1) осы санаттағы КҚ-ын басқаруға жүргізуші куәлігі жоқ, сақтандырылған КҚ-ын басқару құқығына сенімхаты жоқ немесе жол парағында көрсетілмеген тұлғалармен КҚ-ын басқару;
- 2) КҚ мемлекеттік техникалық байқаудан өткенін растайтын құжатсыз КҚ-ын пайдалану;
- 3) Сақтандырылған жүргізушіде сенімхат куәлігі (жол парағы, жалдау шарты) болмаған жағдайда, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен аталған құжаттар болған жағдайда;
- 4) Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) көрсетілмеген тұлғаларды басқару;
- 5) сақтандырылған КҚ-да темекі шегу немесе сақтандырылған тұлғаның (басқаруға жіберілген тұлғаның) немесе жолаушылардың отты абайсыз пайдалануы;
- 6) сақтандырушымен жазбаша келісімсіз сақтандырылған КҚ-ын лизингке, жалға алуға, жалға беруге, кепілге беруге немесе КҚ-ын такси ретінде пайдалануға беру;
- 7) сақтандыру аумағынан немесе сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінен тыс сақтандыру жағдайының басталуы.

4.5. Сақтандырушы сақтандырылған КҚ немесе ондағы КҚ үшін жауапты болмайды:

- 1) антикварлық және бірегей заттар, бағалы металдардан, жартылай бағалы және өңдеу тастарынан жасалған бұйымдар, коллекциялар, қолжазбалар, картиналар, діни табыну заттары, ақша белгілері, бағалы қағаздар, құжаттар, фотосуреттер, электрондық ақпарат жеткізгіштер, атыс қаруы мен жарылғыш заттар, сондай-ақ Сақтандырылған адам мен оның отбасы мүшелеріне жатпайтын не сатуға арналған немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты заттар;
- 2) Сақтанушының (жүргізушінің) жеке заттары және (немесе) жолаушылардың жүктері, Сақтандырылушының және (немесе) жүргізушінің кәсіби немесе коммерциялық қызметіне байланысты тауарлар және (немесе) заттар.

4.6. Сақтандырушы төмендегілердің салдарынан туындаған залалдарды (шығыстарды) өтеуден босатылады:

- 1) сақтандыру жағдайы басталған сәтке дейін оның сапасымен немесе жай-күйімен салыстырғанда оның сапасын немесе жай-күйін жақсарту бөлігінде КҚ-ын жөндеу;
- 2) айыппұлдарды, бос тұрып қалуды, жіберіп алған пайданы, кірісті, моральдық залалды, іссапар шығыстарын және барлық өзге де материалдық және материалдық емес жанама шығындарды есептеу;
- 3) тауар түрінің шығындары;
- 4) зауыт жіберген жарамсыздық;
- 5) сақтандыру жағдайы нәтижесінде емес, пайдалану барысында туындаған механикалық ақаулықтар және (немесе) сынулар, автомобиль доңғалақтарының резеңке тыстарының, шиналар мен КҚ өзге де бөліктерінің, бөлшектері мен керек-жарақтарының зақымдануы;
- 6) жануарларды тасымалдау;
- 7) сақтандырылған КҚ жақсарту және жаңғырту;
- 8) «01» желтоқсаннан бастап «01» наурызға дейінгі қысқы кезеңде қысқы шиналармен жиынтықталмаған КҚ-ын пайдалану, сондай-ақ жазғы кезеңде (маусым, шілде, тамыз) сырғанауға қарсы бұртабандары бар шиналармен, сондай-ақ қысқы кезеңде (желтоқсан, қаңтар, ақпан) жазғы шиналармен жиынтықталған КҚ пайдалану, пайдалану аумақтарының климаттық жағдайларына және қысқы (жазғы) шиналар КҚ барлық дөңгелектерінде орнатылмаған жағдайларға байланысты;
- 9) арнайы бояу.

4.7. Сақтандырушы сақтандыру кезінде КҚ-ны тексеру сәтінде бүлінген бөлшектер үшін жауап бермейді.

4.8. Егер Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) 3 (үш) нұсқаның бірінде "сақтандырылған жүріс" опциясы көзделсе: 5000 (бес мың) км, 10 000 (он мың) км, 15 000 (он бес мың) км онда сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға, егер ол болған болса, мұндай болып танылмайды:

- 1) Сақтандырушының уәкілетті өкілі жүргізетін тексеру актісінде тіркелген КҚ сақтандырылған жүрістен «Сақтандырылған жүрістің» алғашқы 5 (бес) километрінде;
- 2) «Сақтандырылған жүріс» опциясы бойынша сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) көрсетілген километраж аяқталғаннан кейін.

## **5-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ. ФРАНШИЗА**

5.1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақшалай сома.

5.2. Сақтандырушының жауапкершілік лимиті (бұдан әрі – жауапкершілік лимиті) әрбір КҚ-на және (немесе) КҚ-ның қосымша жабдығына, тараптардың келісімі бойынша, сақтандыру шарты жасалған күнгі шынайы (нарықтық) құнынан аспайтын көлемде белгіленеді.

5.3. Шынайы (нарықтық) құн төмендегілердің негізінде белгіленуі мүмкін:

- а) егер КҚ-ын сатып алу күні сақтандыру шарты жасалған күннен 6 (алты) айдан аспаса, қолданыстағы сатушы лицензиясы бар (жаңа КҚ үшін) КҚ өндіруші фирманың ресми дилерінен анықтама-шоттар, сатып алу-сату шарттары;
- б) қызметін белгіленген заңнамалық тәртіпте жүзеге асыратын тәуелсіз сараптамалық ұйым құрастырған ресми қорытынды;

в) Сақтандырушының КҚ құнын бағалау үшін қолданылатын мамандандырылған калькуляторды қолдана отырып жасаған қорытындысы;

г) КҚ-ның белгілі түрлерінің (марка/модель) және (немесе) қосымша жабдықтың орташа нарықтық бағалары негізінде Сақтанушы мен Сақтандырушының келісімдері.

5.4. Әрбір КҚ-на және (немесе) қосымша жабдыққа белгіленген жауапкершілік лимиті Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) бөлек көрсетіледі.

5.5. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының көлемі сақтандыруға қабылданған Әрбір КҚ-на және (немесе) қосымша жабдыққа белгіленген жауапкершілік лимиттерін қосу арқылы анықталады.

5.6. Сақтандыру шарты бойынша франшизаның көлемі Сақтанушы таңдаған сақтандыру талаптарына байланысты белгіленеді. Франшизаның нақты көлемі Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) көрсетіледі.

5.7. Франшиза көлемінің нұсқалары:

5.7.1. сақтандырылған КҚ-ның «зақымдануы» тәуекелі бойынша:

1) Қолданылмайды;

Пайдалану мерзімі 10 (он) жылдан астам КҚ-на қатысты «зақымдану» тәуекелі бойынша франшиза қолданбастан сақтандыру шартын жасауға тыйым салынады.

2) 40 000 (қырық мың) теңге;

3) 80 000 (сексен мың) теңге;

4) 120 000 (жүз жиырма мың) теңге;

5) 160 000 (жүз алпыс мың) теңге.

5.7.2. «Айдап әкету (ұрлау)», «жоғалту (жойылу)» тәуекелдері бойынша:

1) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша – сақтандырылған КҚ-на қатысты белгіленген сақтандыру сомасынан 10%;

2) ТМД (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы) аумағы бойынша – сақтандырылған КҚ-на қатысты белгіленген сақтандыру сомасынан 20%.

## **6- БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ. ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ**

6.1. Сақтандыру сыйақысы - Сақтанушы Сақтандырушыға оның сақтандыру шартымен белгіленген көлемде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жасау міндеттемесін өзіне қабылдап алғаны үшін төлеуге міндетті ақшалай сома.

6.2. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысының көлемі Сақтандырушы бекіткен сақтандыру тарифтерінің негізінде анықталады.

6.3. Сақтандыру сыйақысы бір жолғы төлеммен немесе бөліп төлеу арқылы (сақтандыру жарналары түрінде), қолма-қол ақшасыз төлеммен немесе қолма-қол ақшамен (заңнама талаптарын орындай отырып) төленеді.

## **4-БӨЛІМ. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

4.1. Сақтанушының құқықтары:

1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы жөнінде ақпаратты талап ету;

2) сақтандыру талаптарымен танысу;

3) Сақтандыру полисін (сақтандыру шартын) жоғалтқан жағдайда, оның телнұсқасын алу;

1) Сақтандыру полисіндегі (сақтандыру шартындағы) Ерекше талаптарда «300 000 теңгеге дейін әкімшілік полицияны шақыртпау» опциясы көрсетілген жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында орын алған сақтандыру оқиғасының белгілері бар оқиға орын алған кезде, сақтандыру оқиғасының нәтижесінде келтірілген залал көлемі 300 000 (үш жүз мың) теңгеден аспаған болса және Сақтандырылушының немесе үшінші тұлғалардың өміріне және (немесе) денсаулығына залал келтірілмеген болса, Сақтандырушыға әкімшілік полицияның құжаттарын көрсетпеу;

2) Сақтандыру полисіндегі (сақтандыру шартындағы) Ерекше талаптарда «Әкімшілік полицияны шақыртпау» опциясы көрсетілген жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында орын алған сақтандыру оқиғасының белгілері бар оқиға орын алған кезде, сақтандыру оқиғасының нәтижесінде Сақтандырылушының немесе үшінші тұлғалардың өміріне және (немесе) денсаулығына залал келтірілмеген болса, Сақтандырушыға әкімшілік полицияның құжаттарын көрсетпеу;

3) осы Талаптарда қарастырылған тәртіпте сақтандыру төлемін алу;

4) сақтандыру оқиғасымен келтірілген залалды болдырмау немесе азайту мақсатында көрген шығындарының өтемін Сақтандырушыдан алу;

5) келтірілген залал мен сақтандыру төлемінің көлемі бойынша Сақтандырушы немесе оның тапсырмасы бойынша жасалған есептеулермен танысу;

6) тәуелсіз сараптама өткізу;

7) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан немесе оның көлемін азайтудан бас тартуы туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қарсылық білдіру;

8) сақтандыру құпиясын сақтау;

9) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге әрекеттерді орындау.

#### 7.1. Сақтанушының міндеттері:

- 1) сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарнасын) Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) көрсетілген көлемде, тәртіп пен мерзімде төлеу;
- 2) сақтандыру талаптарын орындау (Сақтандырылушының сақтандыру талаптарын бұзуы Сақтанушының өзі сақтандыру талаптарын бұзғандай болып бағаланады);
- 3) Сақтандырылушыны осы Талаптармен таныстыру;
- 4) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы ақпарат беру;
- 5) Сақтандырушыға сақтандырылған КҚ-на қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған және жасалатын барлық сақтандыру шарттары туралы жазбаша хабарлау;
- 6) сақтандыру шартын жасаған кезде, Сақтандырушының талабы бойынша КҚ-ын міндетті техникалық тексеруден өткізу туралы куәлікті көрсету;
- 7) қандай да техникалық сараптама жасау керек болған кезде, Сақтандырушыға сақтандырылған КҚ-ын көрсету;
- 8) сақтандырылған КҚ-ын жойылу мен зақымданудан қорғау бойынша барлық орынды сақтық шараларын қолдану, оны қауіпсіз жұмыс күйінде сақтау;
- 9) сақтандырылған КҚ-ын өндіруші зауыттың қауіпсіздік және техникалық талаптарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасында және Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) сақтандыру аумағы ретінде көрсетілген өзге елдердің аумағында қолданылатын жол қозғалысының ережелеріне сәйкес пайдалану;
- 10) КО ТР 018/2011 «Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» Кеден Одағының Техникалық регламентіне сәйкес шиналарын ауыстырудың маусымдылығын сақтау, автомобильді «01» желтоқсаннан «01» наурызға дейінгі қысқы мезгілде қысқы шинамен және «01» наурыздан «30» қарашаға дейінгі жазғы мезгілде жазғы шинамен жабдықтау;
- 11) сақтандыру оқиғасының орын алу дерегін және келтірілген залал көлемін дәлелдеу;
- 12) үшінші тұлғалардан сақтандыру оқиғасы нәтижесінде келтірілген залалдың қандай да өтемақысын алғаны жөнінде Сақтандырушыны дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде хабардар ету;
- 13) Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаған соң ұрланған (айдалып кеткен) ТҚ табылған жағдайда – мүлікке залал келтірілсе, КҚ-ын қалпына келтіріп жөндеу үшін жұмсалған шығындарды шегере отырып, алынған соманы Сақтандырушыға қайтару;
- 14) жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жасалғаннан кейін, Сақтандырушыға жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары аяқталған күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде КҚ-ын қайта көрсету немесе орындалған жұмыстар актісін ұсыну;
- 15) сақтандыру шарты Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) белгіленген мерзім ішінде мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Сақтандырушыға сақтандыру шартының қолдану мерзіміндегі сақтандыру сыйақысының бөлігін төлеу;
- 16) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Сақтандыру талаптары мен ережелерінде көзделген өзге де міндеттерді орындау.

#### 7.2. Сақтандырушының құқықтары:

- 1) сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырылатын КҚ-ын, шанақ (рама), шасси нөмірлерінің құжаттарға сәйкестігін тексеру, ал қажет болса, КҚ-ның нақты құнын белгілеу мақсатында сараптама тағайындау;
- 2) Сақтанушы (Сақтандырылушы) берген ақпарат пен құжаттарды тексеру, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру талаптары мен шарттарын орындауын тексеру. Кез келген орынды уақытта тәуекелдің пайда болуына себепші болатын жағдайлардың барын қадағалау және тексеру;
- 3) КҚ-ның қандай да техникалық деректерін анықтау мақсатында сараптама өткізу;
- 4) сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы ақпарат алу;
- 5) сақтандыру тәуекелінің (сақтандыру оқиғасының орын алу мүмкіндігінің немесе ол орын алған кезде мүмкін залал көлемінің) өсуіне әкелуі мүмкін жағдайлар өзгерген кезде, сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді талап ету;
- 6) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылушының сақтандыру оқиғасының дерегін, оның пайда болу жағдаятын белгілеу үшін қажетті ақпаратты талап ету;
- 7) зақымдалған және (немесе) қалпына келтірілген КҚ-ын тексеруге қатысу;
- 8) сақтандыру оқиғасының белгілері бар жағдайдың себептері мен жай-жапсарын өз бетінше анықтау, соның ішінде қажетті жағдайларда құзыретті органдарға сұрау салу;
- 9) сақтандыру оқиғаларын тергеуге қатысу;
- 10) Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру оқиғасының орын алуын, келтірілген залал көлемін растайтын құжаттарды тапсырмаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, Сақтандыру ережелерінде және осы Талаптарда көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту;
- 11) Сақтанушыдан сақтандыру оқиғасының орын алуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуін талап ету;

- 12) сақтандыру төлемін талаптардың келісімі бойынша сақтандыру төлемінің сомасы шегінде залалды заттай өтеуге ауыстыру (ұқсас КҚ-ын ұсыну);
- 13) айдалып кеткен КҚ сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін анықталған жағдайда, КҚ-на залал келтірілген болса, қалпына келтіру бойынша жөндеу шығындарын шегере отырып, Сақтанушы алған сақтандыру төлемінің сомасын қайтарып беруін талап ету;
- 14) Сақтанушының атынан және оның тапсырмасы бойынша сотта және басқа да мемлекеттік органдарда оның мүддесін білдіру;
- 15) сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандыру нысанының күйі (сақтандыру тәуекелі) туралы ақпараттың жасырылғаны немесе бұрмаланғаны белгіленсе, сақтандыру шартының күшін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 16) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату:  
Сақтанушы сақтандыру сыйақысын Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда;  
Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы Талаптарда және Сақтандыру ережелерінде белгіленген міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда;
- 17) егер Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) сақтандыру сыйақысын сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеу қарастырылған болса, кезекті сақтандыру жарнасы төленбеген жағдайда, кезекті сақтандыру жарнасы Сақтандырушының шотына түскенше, сақтандыру қорғанысының күшін уақытша тоқтатып қою. Бірінші жарнадан басқа, кезекті сақтандыру жарнасы төленбеген жағдайда, Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) белгіленген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде кезекті сақтандыру жарнасының төленбеуі Сақтандырушыға сақтандыру шартын біржақты тәртіпте мерзімінен бұрын бұзу құқығын береді, ол Сақтанушыға бұл туралы тиісті хабарлама жолдауы тиіс;
- 18) егер Сақтандыру полисіндегі (сақтандыру шартындағы) ерекше талаптарда «Сақтандырылған жүріс» опциясы көрсетіліп, осы опция бойынша белгіленген километраж аяқталған кезде сақтандыру оқиғалары болмаса, тегін бонус - 1 000 (бір мың) километр ұсыну (бұл шара сақтандыру шартының қолдану мерзімі аяқталмаған жағдайда қолданылады);
- 19) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге әрекеттерді орындау.

#### 7.3. Сақтандырушының міндеттері:

- 1) Сақтанушыны сақтандыру талаптарымен (сақтандыру ережелерімен) таныстыру және оның талабы бойынша ережелердің көшірмесін ұсынуды (жолдауды) талап ету;
- 2) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) оның сақтандыру оқиғасы бойынша тапсырған құжаттарының тізімі және олардың қабылданған күні, сондай-ақ жетіспейтін құжаттар тізімі көрсетілген анықтаманы беру;
- 3) Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті барлық құжаттарды тапсырмаған жағдайда, сақтандыру төлеміне өтініш қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларға жетіспейтін құжаттар туралы хабарлау;
- 4) сақтандыру оқиғасы орын алған кезде:
  - а) Сақтанушы ұсынған зақымдалған КҚ-ын тексеру, зақымдалған жерлерін суретке түсіру;
  - б) зақымдалған КҚ-ын тексеру актісін құру;
  - в) Сақтандыру полисінде «Турбо КАСКО» опциясы көрсетілген жағдайда, сақтандыру оқиғасының орын алуын растайтын құжаттарды жинау; мамандандырылған ТҚС-на жолдама беру (осы Талаптардың №2 Қосымшасында көрсетілген тізімнен), ал КҚ тасымалдауға қолайсыз болған жағдайда, зақымдалған КҚ-ын мамандандырылған ТҚС-на тасымалдау үшін эвакуатор шақырту;  
Сақтанушы (Сақтандырылушы) үшін мәлімденген мекенжайға такси шақырту және такси ақысын төлеу (тасымалдау Алматы қаласының әкімшілік шектерінің шегінде жүзеге асырылады);
  - г) сақтандыру төлемін осы Талаптармен белгіленген көлемде, тәртіп пен мерзімде жасау;
- 5) Сақтанушы Сақтандыру полисін (сақтандыру шартын) жоғалтқан кезде – оның телнұсқасын рәсімдеу;
- 6) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру оқиғасы кезіндегі залалды болдырмау немесе азайту үшін жұмсаған орынды шығындарын өтеу;
- 7) «Қылмыстық жолмен алынған табысты ресмилендіруге (ізін жоюға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы әрекет ету туралы» Қазақстан Республикасының заңымен көзделген жағдайларда, Сақтанушы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде, сақтандыру төлемін жасау, сақтандыру сыйақысын қайтару бойынша операцияларды өткізбеу және (немесе) тоқтату;
- 8) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Сақтандыру талаптары мен ережелерінде көзделген өзге де міндеттерді орындау.

7.4. Сақтандырушының, Сақтанушының (Сақтандырылушының) заңнамамен және осы Талаптармен белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

## 8-БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮ САЛДАРЫ

8.1. Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі ішінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушыға сақтандыру шартын жасаған кезде хабарланған жағдайлардың өзіне белгілі болған елеулі өзгерістері туралы, бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына айтарлықтай әсер етуі мүмкін болған жағдайда,



олардың пайда болған сәтінен бастап 24 (жиырма төрт) сағаттан кешіктірмей, дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

8.2. Кез келген жағдайда маңызды болып келесі өзгерістер танылады:

- 1) Сақтандырылған КҚ-ын Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) көрсетілмеген басқа тұлғаға жалға/ лизингке/ пайдалануға/ иелік етуге/ басқаруға тапсыру;
- 2) КҚ-ын ауыстыру;
- 3) шанақты немесе қозғалтқышты ауыстыру, қосымша жабдық орнату;
- 4) КҚ-ын есептен шығару, қайта тіркеу;
- 5) КҚ-ын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, КҚ-ның кілтін жоғалту;
- 6) КҚ-ын пайдалану мақсаты мен шарттарының өзгеруі;
- 7) екіжақты сақтандырудың болуы;
- 8) сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтандыру жөніндегі өтініште көрсетілген ақпараттың өзгеруі.

8.3. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуды және мұндай бұзу арқылы келтірілген залалды өтеуді талап етуге, ал сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда – сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.

8.4. Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы тараудың 8.1-тармағында көзделген міндетті орындамаған жағдайда, Сақтанушы:

сақтандыру оқиғасы орын алған кезде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына сәйкес сақтандыру төлемінің сомасын азайтуға;

сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға құқылы.

8.5. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкелетін жағдаяттар тоқтап қалса, Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

## **9-БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ОҚИҒАСЫ ОРЫН АЛҒАН КЕЗДЕ ОРЫНДАЛАТЫН ӘРЕКЕТТЕР**

9.1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе ) сақтандыру жағдайының орын алуының салдары болуы мүмкін оқиға орын алған жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылушы) міндетті:

1) сақтандыру оқиғасынан болуы мүмкін залалды азайту/болдырмау тұрғысынан, соның ішінде сақтандырылған КҚ-ын қорғау және сақтау бойынша барлық мүмкін және орынды шараларды қолдануы тиіс;

2) сақтандыру оқиғасының белгілері бар және (немесе) салдары ретіндегі сақтандыру оқиғасының орын алуы туралы Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының орнын, уақыты мен барлық жағдайын көрсете отырып дереу хабарлау, және үш жұмыс күнінен кешіктірмей, ұсынылған ақпаратты жазбаша түрде растау (сақтандыру оқиғасы туралы өтініш). Егер Сақтанушы дәлелді себеппен көрсетілген әрекеттерді орындай алмаса, ол бұны құжаттамалық түрде растауы тиіс;

3) сақтандыру оқиғасының белгілері бар оқиға орын алған кезде, Сақтандырушының уәкілетті өкілін оқиға орнына дереу шақыру;

4) сақтандыру оқиғасының орын алу дерегін растау үшін төмендегі жағдайларда құзырлы органдарға (әкімшілік полиция, құқық қорғау органдары, қадағалау органдары және басқа ұйымдар) жүгіну:

а) Сақтандыру полисінің (сақтандыру шартының) Ерекше талаптарында «Әкімшілік полицияны шақыру міндетті» опциясы көрсетілген кезде;

б) Сақтандыру полисіндегі (сақтандыру шартындағы) Ерекше талаптарда «300 000 теңгеге дейін әкімшілік полицияны шақыртпау» опциясы көрсетілген жағдайда, сақтандыру оқиғасының нәтижесінде келтірілген болжамды залал көлемі 300 000 (үш жүз мың) теңгеден асатын болса;

в) сақтандыру оқиғасының белгілері бар оқиға Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орын алған кезде, егер Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) сақтандыру аумағы «Қазақстан Республикасы және ТМД елдері» деп көрсетілсе;

г) сақтандырылған КҚ-ын айдап әкету, ұрлау белгілерінің болуы;

д) сақтандыру оқиғасының белгілері бар оқиға орын алған кезде Сақтандырылушының, үшінші тұлғалардың өміріне және (немесе) денсаулығына залал келтірілсе.

5) Сақтандырушыға (оның уәкілетті өкіліне) зақымдалған КҚ-ын қарау және тексеру, себептерін тергеп, келтірілген залал көлемін анықтау мүмкіндігін қамтамасыз ету;

б) Сақтандырушының уәкілетті өкілінің зақымдалған КҚ-ын тексеру актісіне қол қою;

7) сақтандыру оқиғасына қатысты бүкіл ақпаратты хабарлау, соның ішінде жазбаша түрде, және Сақтандырушы талап еткен құжаттарды ұсыну, олардың тізімі осы Талаптардың 10-тарауында келтірілген;

8) КҚ ұрланған немесе айдалып кеткен жағдайда, Сақтандырушыға КҚ-ның тіркеу құжаттары мен түпнұсқалық кілттер жинақтамасын тапсыру;

9) ЖКО кезінде, Сақтандырушының келісімін алғанша, бұл қауіпсіздікке қауіп төндірмейтін болса, оқиға болған орынды сақтандыру оқиғасы болған кездегі күйінде сақтау (сақтандыру оқиғасы қатысушыларының КҚ-ын жылжытпау және т.б.). ЖКО қатысушыларының КҚ-ын тек әкімшілік полиция қызметкерлерінің талабы бойынша жылжытуға рұқсат етіледі;

10) сақтандыру оқиғасына қатысты және Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының себептері мен жағдайын, салдарын, келтірілген залал көлемін анықтау үшін қажетті бүкіл ақпарат пен құжаттарды Сақтандырушыға табыстау;

11) сақтандыру оқиғасының орын алғаны үшін жауапты тұлғадан суброгация тәртібінде талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз ету.

9.2. Сақтанушы Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз, сақтандыру оқиғасы орын алғаннан кейін, сақтандырылған КҚ-ын кәдеге жаратуға немесе сатуға құқылы емес.

9.3. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру оқиғасы орын алғаннан кейін, КҚ тасымалдауға жарамсыз болған жағдайда, Сақтандырушының келісімімен 20 (жиырма) АЕК-тен аспайтын сомаға эвакуатор қызметін пайдалануға құқылы, бұл шығындарды Сақтандырушы өтеуі тиіс.

## **10-БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ОҚИҒАСЫНЫҢ ОРЫН АЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛ КӨЛЕМІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ**

10.1. Сақтандыру төлемін жасау туралы өтінішті қарастыру үшін Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) Сақтандырушыға сақтандыру төлемі жөнінде өтінішін төмендегі құжаттармен қоса табыстауы тиіс:

- 1) Сақтандырушының, Сақтанушының (Сақтандырылушының) жеке куәлігінің көшірмесі;
- 2) Сақтандыру полисінің (сақтандыру шартының) немесе оның телнұсқасының көшірмесі;
- 3) КҚ-ын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
- 4) сақтандыру оқиғасы орын алған сәтте КҚ-ын басқарған тұлғаның жүргізуші куәлігінің көшірмесі;
- 5) сақтандыру оқиғасын реттеу және сақтандыру төлемін алу бойынша істерді жүргізу құқығына сенімхат (қажет болса);

б) егер КҚ жалданған (лизингке алынған) болса, жалгерлік (лизинг) шартының көшірмесі;

10.1.1. Сақтандыру оқиғасы орын алғанын дәлелдеу үшін:

1) ЖКО кезінде:

- а) әкімшілік соттың қаулысы (күшіне енген және соттың мөрімен куәландырылған көшірме);
- б) полицияның әкімшілік материалы (полицияның мөрімен куәландырылған көшірме);
- в) сақтандыру оқиғасы орын алған сәтте КҚ-ын басқарған тұлғаны медициналық куәландырудың қорытындысы (Сақтандырушының уәкілетті өкілі алкогольдік мастық күйін, сондай-ақ есірткілік, психикалық белсенді заттарды немесе дәрілік құралдарды пайдалану дерегін анықтау үшін медициналық куәландырудан өтуді талап етуге құқылы);

2) үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері, оңай шешілетін бөлшектерді ұрлау кезінде:

- қылмыстық іс белгілері бойынша:

- а) оқиға орнын тексеру хаттамасы (полицияның мөрімен куәландырылған көшірме);
- б) қылмыстық істі уақытша тоқтату туралы қаулы (немесе қылмыстық істі не сот үкімін тоқтату туралы қаулы) (полицияның мөрімен куәландырылған көшірме);

- әкімшілік құқық бұзудың белгілері бойынша:

- а) әкімшілік құқық бұзу туралы қаулы (полицияның мөрімен куәландырылған көшірме);
- б) әкімшілік соттың қаулысы (күшіне енген және соттың мөрімен куәландырылған көшірме);

3) айдап әкету немесе ұрлау кезінде:

- а) қылмыстық істі уақытша тоқтату туралы қаулы (немесе қылмыстық істі не сот үкімін тоқтату туралы қаулы) (соттың мөрімен куәландырылған көшірме);

б) ұрланған (айдалып кеткен) КҚ-ның түпнұсқалық кілттерінің жинақтамасы, сақтандырылған КҚ жабдықталған басқару пульстары, салпыншақтар, карточкалар, қуып кетуге қарсы барлық электрондық және электронды-механикалық жүйелердің белсенді және пассивті активаторлары;

в) КҚ-на иелік етуге, пайдалануға және басқаруға берілген барлық сенімхаттардың түпнұсқалары;

г) Сақтанушының мүлік ретінде КҚ-нан Сақтандырушының пайдасына бас тартуы туралы жазбаша өтініш («абандон»).

4) сұрапыл апат кезінде:

а) оқиғаларды тергеумен, жіктеумен және есепке алумен айналысатын мемлекеттік комиссиямен және құзырлы органдармен (ТЖМ, гидрометеоқызметтің аумақтық бөлімшелері, өрт қауіпсіздігі қызметі және т.б.) құрылатын, сақтандыру оқиғасы ретінде қарастырылатын немесе сақтандыру оқиғасының орын алу дерегін растайтын актілер, қорытындылар, қаулылар;

5) өзге күтпеген жағдайларда, әйнек пен оптика сынған кезде:

а) Сақтандырушының уәкілетті өкілінің оқиға орнын тексеру актісі (әйнек пен оптика сынған кезде);

б) оқиға орнының және зақымдалған КҚ-ның суреттері (әйнек пен оптика сынған кезде).

в) оқиға орнын тексеру хаттамасы (полицияның мөрімен куәландырылған көшірме);

г) қылмыстық істі уақытша тоқтату туралы қаулы (немесе қылмыстық істі не сот үкімін тоқтату туралы қаулы) (полицияның мөрімен куәландырылған көшірме);

- әкімшілік құқық бұзудың белгілері бойынша:

д) әкімшілік құқық бұзу туралы қаулы (полицияның мөрімен куәландырылған көшірме);

е) әкімшілік соттың қаулысы (күшіне енген және соттың мөрімен куәландырылған көшірме);

10.1.2. Келтірілген залал мен қосымша шығын көлемін дәлелдеу үшін:

1) жөндеуші ұйымдардың жұмыс құнын растайтын құжаттар;

- 2) қосалқы бөлшектер мен материалдардың құнын растайтын сатушы ұйымдардың құжаттары;
  - 3) мамандандырылған ТҚС берген ақаулар актісі және төлем шот қағаздары.
  - 4) Сақтандырушының келісімімен таңдалған тәуелсіз бағалаушының бағалауы туралы есеп (егер төлем амортизациялық тозуды ескере отырып немесе сақтандырылған КҚ толығымен жойылған кезде жүргізілсе);
  - 5) эвакуатор қызметін төлеу туралы құжаттар (Сақтандырылушы эвакуаторды пайдаланған жағдайда).
- 10.2. Орын алған сақтандыру оқиғасы туралы толық ақпарат алу мақсатында, Сақтандырушы құзыретті органдардан (ішкі істер органдарының, өртті қадағалау органдарының, апаттық-техникалық қызметтердің), сақтандыру жағдайы (оқиғасы) туындағаны туралы ақпаратты білетін кәсіпорындардан, мекемелерден және ұйымдардан мәліметтерді сұратуға, сондай-ақ туындау себептері мен жағдайларын өз бетінше анықтауға құқылы.
- 10.3. Егер нақты жағдайды ескере отырып, Сақтандырушыда сұратылған құжаттардың болмауы сақтандыру оқиғасының орын алу дерегі мен себебін және залал көлемін анықтауды мүмкін емес (немесе тым қиын) ететін болса, осы Тарауда көрсетілген құжаттармен қатар, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) өзге құжаттарды да сұратуға құқылы.

## **11- БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ**

11.1. Сақтандыру төлемі Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) сақтандыру төлеміне жазбаша өтініші, сақтандыру жағдайы туралы акті және осы Талаптардың 10-бөлімінде көзделген құжаттар негізінде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында теңгемен жүзеге асырылады.

11.2. Сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінде, бірақ франшиза ескеріле отырып, Сақтандырушының жауапкершілігінің белгіленген лимитінен аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады.

11.3. Сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде сақтандырылған КҚ зақымдалған жағдайда сақтандыру төлемі Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) белгіленген франшизаны ескере отырып, сақтандыру жағдайы басталған күнгі КҚ-ын жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының құны ретінде айқындалады, сондай-ақ:

1) егер Сақтандыру полисінің (сақтандыру шартының) ерекше шарттарында «Көлік құралының амортизациялық тозуын есепке ала отырып» опциясы көрсетілген болса, шығын сомасынан сақтандыру жағдайы басталған күнге КҚ амортизациясын (тозуын) шегере отырып. Бұл ретте келтірілген залалдың мөлшерін есептеу ҚР ҰБ Басқармасының 28.10.2016 жылғы № 264 қаулысымен бекітілген көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау жөніндегі Ережелердің 14 және 6-тармағына сәйкес, оларға 7-қосымшаның № 1,3,4,5,6 кестелерінде көрсетілген амортизацияны (тозуды) есептеу кезінде көрсетілген ережелерде белгіленген коэффициенттерді қолдана отырып жүргізіледі;

2) егер Сақтандыру полисінің (сақтандыру шартының) ерекше шарттарында төменде көрсетілген опциялардың бірі көрсетілген болса, залал сомасынан КҚ амортизациясын (тозуын) шегермей:

а) «Сақтандырушының калькуляциясы бойынша амортизациялық тозуды есепке алмай»;

б) «Арнайы ТҚС шоты бойынша амортизациялық тозуды есепке алмағанда» (бұл ретте келтірілген залалдың мөлшерін есептеу мамандандырылған ТҚС шотына сәйкес жүргізіледі, оны таңдау Сақтандырушымен келісілген).

11.4. Бүлінген КҚ-ын қалпына келтіру құны сақтандыру жағдайы басталған күнгі қолданыстағы нарықтық бағалар негізге алына отырып есептеледі.

11.5. Сақтанушы қалпына келтіру жөндеу құнының есебімен келіспеген жағдайда, сақтандырушы қалпына келтіру жөндеу құнын анықтау үшін тәуелсіз бағалаушыға жүгінеді.

11.6. Қосымша жабдыққа келтірілген залалдың мөлшерін есептеу амортизациялық тозуды алып тастағанда және франшиза Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) белгіленген нақты залал немесе оның нақты құны мөлшерінде жүргізіледі. Қосымша жабдық толық жойылған, жоғалған кезде Сақтандырушы сақтандыру сомасы шегінде заттай нысандағы залалды өтеуге (ұқсас қосымша жабдықты ұсыну) сақтандыру төлемін ауыстыруға құқылы.

11.7. Келтірілген залалдың мөлшерін есептеу кезінде қаралып отырған сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған зақымданулар назарға алынбайды.

11.8. КҚ толық жойылған немесе жоғалған кезде сақтандыру төлемі франшизаны алып тастағандағы сақтандыру сомасы және одан әрі пайдалану үшін жарамды қалдықтардың құны ретінде айқындалады.

11.9. КҚ-ның жойылуы сақтандыру жағдайы нәтижесінде мынадай жағдайларда толық деп танылады:

а) КҚ толық бұзылған және қалпына келтірілуге жатпайды – толық іс жүзіндегі жойылу;

б) КҚ қалпына келтіру жөндеуінің құны (оны жөндеу орнына тасымалдау құнын қоса алғанда) Сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) көрсетілген объектінің нақты құнының 70%-нан астамын құрайды - толық конструктивтік жойылу.

11.10. Сақтандырушы Сақтанушының келісімімен сақтандыру төлемін заттай нысандағы залалды өтеуге ауыстыруға құқылы.

11.11. Сақтандыру сомасы сақтандыру төлемінің сомасына сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде әр жолы азаяды.

11.12. Егер сақтандыру шартын жасау сәтіндегі сақтандыру сомасы сақтандырылған КҚ-ның нақты құнынан төмен анықталса, сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасының КҚ-ның нақты құнына қатынасына барабар, бірақ франшиза шегере отырып, сақтандыру сомасы шегінде анықталады және

мынадай тәртіппен айқындалады:

1) сақтандырылған КҚ зақымданған кезде сақтандыру төлемінің (СТ) мөлшері мына формула бойынша анықталады:

$СТ = ((СС/НҚ) * НЗ) - ТФ$ , мұндағы: СТ – сақтандыру төлемінің мөлшері; СС – сақтандыру сомасының мөлшері; НҚ – сақтандыру шартын жасау сәтіндегі КҚ-ның нақты құны; НЗ – нақты залал сомасы, бұл ретте нақты залал деп амортизациялық тозуды шегеріп немесе шегермей (сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) көрсетілгеніне байланысты) КҚ және/немесе оның жекелеген бөліктерін жөндеу бойынша қажетті шығындар сомасы түсініледі; ТФ – тиісті тәуекел бойынша франшиза мөлшері;

2) сақтандырылған КҚ толық жойылған немесе жоғалған кезде сақтандыру төлемінің мөлшері мынадай формула бойынша айқындалады:

$СТ = ((СС/НҚ) * НЗ) - (ЖБ + ТФ)$ , мұндағы: СТ – сақтандыру төлемінің мөлшері; СС – сақтандыру сомасының мөлшері; НҚ – сақтандыру шартын жасау сәтіндегі КҚ-ның нақты құны; НЗ – нақты залал сомасы, бұл ретте нақты залал деп сақтандыру жағдайы басталған сәттегі КҚ-ның нақты құны, бірақ сақтандыру шартын жасасқан күнгі ұқсас КҚ-ның нақты құнынан аспау түсініледі; ЖБ – тәуелсіз бағалаушы анықтайтын, таңдауы Сақтандырушымен келісілген жарамды бөлшектердің құны; ТФ – тиісті тәуекел бойынша франшиза мөлшері.

11.13. Егер сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) анықталған сақтандыру сомасы сақтандыру шартын жасау сәтіндегі КҚ-ның нақты құнынан асып кетсе, ол сақтандыру шартын жасау сәтіндегі нақты құнынан асып кететін сақтандыру сомасының бөлігінде жарамсыз болып табылады.

11.14. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалдарды Сақтанушыға басқа тұлғалар өтеген жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшері мен Сақтанушының басқа адамдардан алған өтем сомасы (өтемақы) арасындағы айырманы ғана өтейді. Бұл ретте сақтандырушы басқа тұлғалар өтеген (өтемделген) шығындар бөлігінде артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

11.15. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы немесе одан бас тарту туралы шешімді сақтандырушы қабылдайды:

1) егер сақтандыру жағдайы Қазақстан Республикасының аумағында болса, осы шарттардың 10-бөлімінде белгіленген барлық құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде;

2) егер сақтандыру жағдайы Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, осы шарттардың 10-бөлімінде белгіленген барлық құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде.

11.16. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

11.17. Ұрланған (айдап әкетілген) КҚ үшін сақтандыру төлемі қылмыстық істі қозғау туралы қаулы шығарылған және осы шарттардың 10-бөлімінде белгіленген барлық қажетті құжаттар ұсынылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен ерте емес мерзімде жүзеге асырылады.

11.18. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырылған КҚ айдап әкетілген, ұрланған жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға «абандон» (Сақтанушының Сақтандырушыға толық сақтандыру төлемін алу мақсатында Сақтандырушының пайдасына сақтандырылған КҚ-ға өзінің мүлкітік құқықтарынан бас тартуға өтініші) беруге міндетті.

11.19. Үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері - жеңіл алынатын бөлшектерді ұрлау кезінде сақтандыру төлемі бір рет жүзеге асырылады, бұл шарт тек бірінші сақтандыру жағдайына дейін қолданылады. «Жеңіл алынатын бөлшектерге» артық көріністің сыртқы айналары, сыртқы дөңгелектер/қосалқы дөңгелек; белгішелер (эмблемалар), шыны тазалағыштар, антенналар жатады.

11.20. Сақтандыру төлемі банктік шотқа аудару жолымен қолма-қол ақшасыз төлеммен жүзеге асырылады:

1) егер сақтандыру полисінің (сақтандыру шартының) ерекше шарттарында «арнайы ТҚС шоты бойынша амортизациялық тозуды есепке алмағанда» опциясы көрсетілген болса, сақтандыру жағдайы нәтижесінде сақтандырылған КҚ зақымданған кезде Сақтандырушымен келісілген сатушы ұйымның;

2) Барлық қалған жағдайларда Пайда алушының.

11.21. Сақтандырушының банктік шотынан ақшаны есептен шығарған күн сақтандыру төлемін жүзеге асырған күн болып есептеледі.

11.22. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабымен көзделген жауаптылықта болады.

11.23. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, жазбаша нысанда тиісті шешімді жібереді.

11.24. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру салдарынан болса, Сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

2) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері.

11.25. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар негіз бола алады:

- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;
- 2) сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған залалды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбауы;
- 3) Сақтанушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы;
- 4) сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруге және ол келтірген залалдың мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;
- 5) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу;
- 6) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға қойылатын талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру өтемі төленіп қойған болса, Сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы;
- 7) заң актілерінде көзделген басқа да жағдайлар.

11.26. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы:

- 1) Сақтанушы дәлелді себептерсіз (кейіннен құжатпен расталуы тиіс) сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеген және сақтандырушының уәкілетті өкіліне бүлінген КҚ оқиға болған жерде тексеру немесе тексеру жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етпеген;
- 2) Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушының уәкілетті өкілінің өтініші бойынша психикаға белсенді әсер ететін затты пайдалану фактісін және мас болу жағдайын (алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық және (немесе) ағзаның психомоторлық функцияларына әсер ететін дәрілік препараттарды пайдалану фактісін анықтау (теріске шығару) үшін медициналық куәландырудан өтуден бас тартты;
- 3) Сақтанушы (Сақтандырылушы) автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын, шығарылған жылын қоса алғанда, жасы жеті жылдан аспайтын М1 санатындағы көлік құралдарын қоспағанда, қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімде міндетті техникалық байқаудан өтуден жалтарған;
- 4) Сақтанушының қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен мүмкіндігі болған, бірақ осы шарттарда белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайының себептерін, сипатын және оның туындаған нәтижемен (салдарларымен) байланысын анықтау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаған немесе көрінеу жалған дәлелдемелер ұсынған;
- 5) сақтандыру жағдайы ретінде сараланған оқиға көлік құралын күзетілмейтін тұрақта (көлік тұратын орында) тәуліктің түнгі уақытында 8 (сегіз) сағаттан артық қалдыру нәтижесінде болды;
- 6) сақтандыру жағдайы ретінде сараланған оқиға, атап айтқанда жеңіл алмалы-салмалы бөлшектерді (КҚ дөңгелектерін) ұрлау дөңгелектердің бекітілуін оның ұрлануына кедергі келтіретін құралдармен жинақтамау нәтижесінде болды (арнайы-жеке кілтсіз алып тастау мүмкін емес сомындар мен бұрандамалар);
- 7) сақтандыру жағдайы ретінде сараланған оқиға қауіпті жол жағдайлары болған кезде Сақтанушының (Сақтандырылушының) жылдамдық режимін бұзуы нәтижесінде орын алды, атап айтқанда: көктайғақ, қиыршықтас жабыны, сулы асфальт, шектеулі көріну шарттары, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерінде белгіленген жылдамдық режимін 10(он) км/сағ артық асыру;
- 8) Оқиға Шарттың әрекет ету кезеңінде орын алды, алайда сақтандырылған КҚ сақтандырушыға сақтандыру кезінде қарауға ұсынылмады;
- 9) Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) сақтандыру шарттары орындалмайды.

11.27. Сақтандырушыны Сақтанушының алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен оның заңсыз әрекеттерінің себептері бойынша босату сақтандырушыны бір мезгілде сақтандырылған адамға немесе пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатады.

11.28. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына сақтанушы сот тәртібімен шағым жасауы мүмкін.

## **12- БӨЛІМ. СУБРОГАЦИЯ**

12.1. Сақтанушының сақтандыру нәтижесінде өтелген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығы сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға төлеген сомасының шегінде өтеді.

12.2. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға қолында бар барлық құжаттар мен дәлелдерді табыстауға, және Сақтандырушыға оған өткен талап ету құқығын жүзеге асыруына қажет барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

12.3. Сақтанушы Сақтандырушы өтеген залал үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығынан бас тартса, немесе Сақтанушының айыбынан бұл құқықты жүзеге асыру мүмкін бола алмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толықтай немесе тиісті бөлігін төлеуден босатылады, және артық төлеген соманың қайтарылуын талап етуге құқылы.

## **13-БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ**

13.1. Сақтандыру шарты жазбаша түрде:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға жазбаша түрде жүгінуі, Сақтандырушы белгілеген нысанға сәйкес рәсімдеп, қол қойылған сақтандыру өтінімін толтыруы және Сақтандырушының Сақтандыру полисін ресімдеуі арқылы;

2) Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, сондай-ақ Сақтандырушының тиісті келісім негізінде әріптестері болып табылатын басқа ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдалана отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушының электрондық үлгіде ақпарат алмасуы арқылы жасалады.

13.2. Осы Талаптарға сәйкес сақтандыру шарты Сақтанушының осы Үлгі сақтандыру талаптарына қосылуы арқылы жасалады.

13.3. Сақтанушының Сақтандырушыға жазбаша түрде жүгінуі арқылы сақтандыру шартын жасасуы үшін, Сақтанушы төмендегідей әрекет етуі тиіс:

1) Сақтандырушы Сақтанушыға берген сақтандыру талаптарымен (Сақтандыру ережелері) танысу;

2) Сақтандырушы белгілеген нысанға сәйкес ресімделген сақтандыру өтінімін толтыру және оған қол қою;

3) Сақтандырушының уәкілетті өкілі тексеруді жүргізу үшін сақтандыруға ұсынылған КҚ-ын көрсету (сақтандыру алдындағы тексерістің өткізілетін күні тараптардың келісімі бойынша белгіленеді). КҚ-ын тексеру барысында алынған деректердің негізінде Сақтандырушының уәкілетті өкілі сақтандыру алдындағы тексеру актісінде сақтандыруға қабылданатын тәуекелге қатысты кеңестерді көрсетеді. Сақтандырушы сақтандыру шартын жасау туралы шешім қабылдаған кезде, Сақтанушы сақтандыру шартын жасау туралы ұсыныс алады, ол 24 (жиырма төрт) сағат бойы жарамды болып табылады;

4) Сақтандыру сыйақысын қолма-қол ақшамен немесе ақшасыз төлеммен төлеу.

13.4. Сақтандыру шартын электрондық түрде жасасу үшін Сақтанушы:

1) Сақтандырушының немесе оның әріптесінің интернет-ресурстарында жарияланған Үлгі сақтандыру талаптарымен (Сақтандыру ережелерімен) танысады;

2) электрондық нысандардың ұяшықтарын толтыру, қажетті электрондық немесе сканерленген құжаттарды тіркеу арқылы сақтандыру шартын жасасу жөнінде өтініш білдіреді;

3) Сақтандырушының уәкілетті өкілі тексеруді жүргізу үшін сақтандыруға ұсынылған КҚ-ын көрсету (сақтандыру алдындағы тексерістің өткізілетін күні тараптардың келісімі бойынша белгіленеді). КҚ-ын тексеру барысында алынған деректердің негізінде Сақтандырушының уәкілетті өкілі сақтандыру алдындағы тексеру актісінде сақтандыруға қабылданатын тәуекелге қатысты кеңестерді көрсетеді. Сақтандырушы сақтандыру шартын жасау туралы шешім қабылдаған кезде, Сақтанушы сақтандыру шартын жасау туралы ұсыныс алады, ол 3 (үш) сағат бойы жарамды болып табылады;

4) интернет-ресурста ұсынылған қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың түрлі үлгілерін пайдалана отырып, сақтандыру сыйақысын төлейді.

Процессингтік жүйеден транзакцияның сәтті өтуі жөнінде ақпарат келген соң Сақтандырушы Сақтанушыға көрсетілген электрондық поштаға электрондық хабарлама түрінде сақтандыру шартының жасалғаны жөнінде ақпарат жібереді.

13.5. Сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеу арқылы сақтандыру шартын жасасқанға дейін Сақтандырушы біржақты тәртіпте әзірлеген осы Үлгі сақтандыру талаптарымен (Сақтандыру ережелерімен) таныс болғандығын және оларға қосылғанын растайды.

## **14-БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ. САҚТАНДЫРУ ҚОРҒАНЫСЫНЫҢ КҮШІ**

14.1. Сақтандыру шартының қолдану мерзімі сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) көрсетіледі.

14.2. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы сақтандыру шартының қолдану мерзімімен бірге басталады.

14.3. Сақтандыру шартының күші мынадай жағдайда тоқтайды:

1) қолдану мерзімі аяқталғанда;

2) күші мерзімінен бұрын тоқтағанда;

3) Сақтандырушы осы шарт бойынша сақтандыру сомасы көлемінде өз міндеттемелерін орындаған жағдайда;

4) осы Талаптарда көзделген өзге жағдайларда.

14.4. Сақтандыру шартының күші мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін:

1) тараптардың өзара келісімімен;

2) тараптардың бірінің бастамасымен.

14.5. Міндеттемелердің тоқтатылуына себепкер болатын жалпы негіздемелермен қатар, сақтандыру шарты мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) сақтандыру нысаны болмай қалғанда;

2) Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылушы ауыстырылмай тұрып қайтыс болғанда;

3) Сақтандырушы Сақтанушының ауыстырылуына қарсы болған, бірақ шартпен немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленген жағдайда, сақтанушы мүлктік сақтандыру объектісін иелігінен шығарғанда;

4) сақтандыру оқиғасының орын алу мүмкіндігі жойылып, сақтандыру тәуекелінің әсері сақтандыру оқиғасынан басқа жағдайға байланысты тоқтағанда;

- 5) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, соттың сақтандырушыны мәжбүрлі тарату туралы шешімінің заңды күшіне енген кезінде;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген тәртіпте сақтандырушы рәсімдеген сақтандыру полисіне енгізілген шарттар мен деректер өзгертілгенде;
- 7) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының заңында көзделген жағдайларда.
- 14.6 Көрсетілген жағдайларда сақтандыру шарты оның тоқтауына негіз болатындай себеп ретінде көзделген жағдаят пайда болған сәттен бастап тоқтаған болып саналады. Және бұл жөнінде мүдделі тарап екінші тарапты дереу хабардар етуі тиіс.
- 14.7 Осы шарттың 11.4 және 11.5-тармақшаларымен көзделген себептерге байланысты, шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысынан 25%-ды әкімшілік шығындарға ұстап қалуға құқылы, сонымен қатар сақтандыру шартының қолдану мерзіміне пропорционал көлемде сақтандыру сыйақысының бөлігіне құқығы бар.
- 14.8 Егер бұзылуы тиіс сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі жасалған болса, сақтандыру сыйақысы (немесе оның бір бөлігі) қайтарылмайды.
- 14.9 Сақтанушы кез келген уақытта сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.
- 14.10 Сақтанушы сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, бұл осы шарттың 11.5-тармақшасында көрсетілген жағдайлармен байланысты болмаған жағдайда, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйақысы немесе сақтандыру жарналары қайтарылмайды.
- 14.11 Сақтандыру шарты Сақтандырушының шарт талаптарын орындамауы салдарынан мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сыйақысын немесе сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.
- 14.12 Сақтандырушы қайтарып беруі тиіс сақтандыру сыйақысының бір бөлігі сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап бес банкілік күн аралығында бір жолғы төлеммен төленеді.

## **15-БӨЛІМ. ДҮЛЕЙ АПАТ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

- 15.1. Тараптар өз міндеттемелерін дүлей күш (форс-мажор) жағдайларының салдарынан тиісті түрде орындай алмағанын, яғни төтенше және ырық бермейтін жағдайлардың себебінен сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін орындай алмағанын дәлелдесе, жауапкершіліктен босатылады.
- 15.2. Кез келген тарап сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін толықтай немесе ішінара орындай алмайтындай жағдайлар орын алса, міндеттемелерді орындау мерзімі мұндай жағдайлар қанша уақытқа созылса, сонша уақытқа сәйкес кейінге қалдырылады.
- 15.3. Егер форс-мажор жағдайлар үш айдан аса уақытқа созылса, онда әрбір тарап бұдан әрі сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін орындаудан бас тартуға құқылы. Мұндай жағдайда ешбір тарап екінші тарапқа сақтандыру шартын бұзу нәтижесінде келтірілген залалды өтеуін талап етуге құқылы емес.
- 15.4. Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін орындай алмайтындай жағдайға тап болған тарап жиырма күндік мерзімнің ішінде екінші тарапты міндеттемелерін орындауға кедергі туғызатын жағдайлардың пайда болғаны немесе олардың тоқтағаны жөнінде хабардар етуі тиіс.

## **16-БӨЛІМ. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

- 16.1. Сақтандыру субъектілерінің арасында сақтандыру шартын орындау бойынша туындаған барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

## **17-БӨЛІМ. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР**

- 17.1. Сақтандыру шартының мазмұны осы Үлгі сақтандыру талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, сақтандыру шартын басым болып саналады.
- 17.2. Сақтандыру шартын жасасқан және орындаған кезде тараптарға мәлім болған, соның ішінде құқықтық тұрғыдан қорғалмаған ақпарат, сондай-ақ коммерциялық құпия ретінде қарастырыла алатын мәліметтер үшінші тұлғаларға басқа тараптың келісімімен ғана немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда ғана ашылуы мүмкін.
- 17.3. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайлардан басқа, екінші тараптың жазбаша келісімінсіз сақтандыру шартын жасасу нәтижесінде алған құпия ақпаратты жариялауға құқылы емес.
- 17.4. Сақтандыру шартында заңнамалық актілермен қарастырылған талаптармен салыстырғанда, Сақтандырушының жағдайын нашарлата түсетін талаптар баяндалса, онда осы заңнамалық актілерде белгіленген талаптар қолданылады.
- 17.5. Осы Үлгі сақтандыру талаптарымен реттелмеген мәселелерде, қолданыстағы заңнама «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» АҚ-ның автомобиль көлігін залалдан ерікті сақтандыру ережелері қолданылады.